

Ембі ТЫНЫСЫ

№ 2 (42),
қаңтар
2020 жыл

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті газеті

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.

Мұнайлы Ембіде – жаңа басшы

«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 16-қаңтардағы шешімімен басқа жұмысқа ауысуына байланысты Басқарма төрағасы Жақсыбеков Әнуар Еркінұлының құзыреттілігі мерзімінен бұрын тоқтатылды.

Аталған шешіммен «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы лауазымына Қайыржан Есен Қайыржанұлы сайланды.



(Басы. Жалғасы – 2 бетте)

Үндеу

Құрметті ембіліктер!

Сіздерге бүгін «Ембі тынысы» газеті арқылы Үндеу жолдауға мүмкіндік туып отырғанына қуаныштымын!

Өзім – Атырау жерінің, нақты айтсам, Мақат ауданының тумасымын. Бала кезімде әкемнің жетектеуімен ұңғымалар жанында асыр салып ойнап жүретінмін. Сол кез өмірімді мұнай-газ саласымен байланыстыруға, мұнайшы мамандығын таңдауыма әсер етті.

Ғасырға жуық тарихы бар «Ембімұнайгаз» АҚ-ның ұжымы бүгінде майталман мұнайшылар салған сара жолды жалғап келе жатқаны мәлім. Тарихы тереңде жатқан осы компанияның басшылық тізгінін ұстау – мен үшін үлкен мәртебе.

Бүгінгі таңда «Ембімұнайгаз» – болашағы зор, ресурстық базаны өсіруді табысты іске асырып, мұнай мен газ өндіруде жаңа технологияларды енгізіп, бизнестің жаңа бағыттарын дамытып келе жатқан заманауи мұнай компаниясы. Біздің кәсіпорынның бай тарихы мен қазіргі мәртебесі туралы ақпаратты газет беттерінен таба аласыздар. Ал, басшы ретінде маған арналған сұрақтарыңыз бен ұсыныстарыңыз болса, blog_emg@emg.kmgerp.kz электронды поштасы арқылы жолдауларыңызға болады.

Ел экономикасын еселендіру бағытындағы еңбектеріңізге табыс, отбасыларыңызға амандық, бақыт тілеймін!

Құрметпен,
«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы
Қайыржан Есен Қайыржанұлы.

Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы

«Ембімұнайэнерго» көш бастап келеді

Назарларыңызға өткен жылдың қорытындысы бойынша қауіпсіз күндер кестесінің есебін ұсынып отырмыз. 1575 күнді қауіпсіз жағдайда өткізген «Ембімұнайэнерго» басқармасы алда келсе, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ (988 күн) мен «Доссормұнайгаз» МГӨБ (377) – алғашқы үштікте.

ӨНДІРІСТІК ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕ

1	«Ембімұнай- энерго» басқармасы	2	«Қайнар- мұнайгаз» МГӨБ	3	«Доссор- мұнайгаз» МГӨБ	4	ӨТҚЖЖК	5	«Жылыой- мұнайгаз» МГӨБ	6	«Жайық- мұнайгаз» МГӨБ
1575		988		377		328		135		96	

ҚАУІПСІЗ КҮНДЕР САНЫ

(2020 жылғы 1-қаңтардағы жағдай бойынша)

Мемлекет басшысы Президенттік жастар кадр резервінің мүшелерімен кездесті

Қасым-Жомарт Тоқаев «Ақорда» резиденциясында Президенттік жастар кадр резервінің мүшелерімен кездесу өткізді. Кездесуге резервке енген 300 адам шақырылды.

Мемлекет басшысы іс-шараға қатысушылар алдында сөйлеген сөзінде Президенттік кадр резервін құру туралы бастама өзінің сайлауалды бағдарламасындағы негізгі бағыттардың бірі болғанын атап өтті.

– Сіздердің әрқайсысыңыз жоғары кәсіби біліктіліктеріңізді көрсетіп, мемлекет иегісі үшін адал қызмет етуге ниетті екендеріңізді дәлелдедіңіздер. Сондықтан сіздермен кездесіп, еліміздегі өзекті мәселелер бойынша пікірлеріңізді тыңдап, кадр резервіне енген азаматтардың алдында тұрған міндеттер жөнінде өз ойыңды білдіру үшін баршаңызды «Ақордаға» арнайы шақырып отырмын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.



Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік басқаруды реформалау жайында айта келіп, биылдан бастап мемлекеттік қызметшілердің саны біртіндеп қысқартатынын, үнемделген қаражат тиімді жұмыс істейтін қызметкерлерді материалдық тұрғыдан ынталандыруға жұмсалатынын атап өтті.

– Қазақстан халқына арналған Жолдауда айтқанымдай, 2024 жылға қарай мемлекеттік қызметшілердің, сонымен қатар ұлттық компаниялар қызметкерлерінің санын 25 пайызға қысқарту көзделіп отыр. Әрине, бұл біржақты жасалмайды, олардың атқаратын қызметін қайта қарап, яғни, мемлекеттік органдардың қызметіне жатпайтын міндеттерді аутсорсинг пен азаматтық қоғам өкілдеріне жүктей отырып қысқартамыз, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы өз баяндамасында «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының негізгі үш қағидатына, атап айтқанда, ашықтық, инклюзивтілік және азаматтардың сұраныстарына жедел жауап беру мәселелеріне ерекше назар аударды.

– Қазақстан азаматтары шенеуніктерді қоғамға қатысты барлық шешімдерді билік дәлдерінде қабылдайтын қандай да бір таңдаулы топ ретінде қарамауы керек. Шенеуніктер қолжетімді болуы қажет. Мемлекеттік қызметші халықтың ортасында халық үшін жұмыс істейтін халықтың бір бөлігі деуден еш жалықпаймын! – деп мәлімдеді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Президенттік кадр резервінің әрбір мүшесінен елді дамытуға тың серпін беретін жаңа идея мен нәтижелі жұмыс күтетінін жеткізді.

Сонымен қатар, биыл резервтегі 100 адамды жауапты қызметке тағайындауды, алдағы жылдарда кадрлық резервтің әлеуетін толық пайдалануды жоспарлап отырғанын айтты. www.akorda.kz

Алик Айдарбаев: «Біз Президенттік жастар кадр резервін қолдаймыз»

2020 жылғы 15 қаңтарда «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Алик Айдарбаев Президенттік жастар кадр резервінің өкілдерімен кездесті.

Кездесуге Президенттік резервке қабылданған 300 жас маманың 24 мүшесі қатысты. Негізнен бұл еліміздің энергетикалық секторында еңбек ететін қызметкерлер болды.

Шара барысында Алик Айдарбаев қатысушылардың өмірбаянымен танысты, сондай-ақ, ұлттық компанияның қызметі мен даму жоспарлары жөнінде айтып берді. Өз кезегінде жас мамандар Қа-

зақстанның мұнай-газ саласын дамытуға қатысты өз ой-пікірлерімен бөлісті.

– Президенттік кадр резервінің Қазақстан үшін стратегиялық маңызы бар. Бұл жобаның иегі жағы сол, ол жас қызметкерлерге әлеуметтік тұрғыдан дамуға ықпал етеді. Бүгінгі кездесудің қатысушылары осының айқын дәлелі болып табылады. Президенттік резерв болашақта елді басқара алатын адамдарды іріктеуге мүмкіндік береді, – деп атап өтті Алик Айдарбаев.



Еске сала кетейік, өткен жылдың соңында Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Президенттік жастар кадр резерві қалыптасты. Оған 300 қазақстандық кірді. Ұлттық компанияда атап өткендей, кадр резервіне «ҚазМұнайГаз» компаниялары тобы бойынша 13 қызметкер қабылданған.

Соның ішінде екі жас маман – «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері. www.kmg.kz

Тағайындаулар

Мұнайлы Ембіде – жаңа басшы (Жалғасы. Басы – 1 бетте)

– «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның Басқарма төрағасы Алик Айдарбаев Әнуар Еркінұлының Ембідегі жұмысына оң бағасын берді. Ол қызмет еткен жылдары Компанияның 2027 жылға дейінгі Даму тұжырымдамасы қабылданып, оны жүзеге асыру барысында байырғы кен орындарында жылдық мұнай өндіру шамалымен 80 мың тоннаға дейін өсті, мұнай қоры айтарлықтай ұлғайды. Компания жыл сайын мемлекет алдындағы барлық міндеттемелерді орындаумен қатар, қызметкерлерді тұрақты әлеуметтік пакетпен қамтамасыз етіп, акционерге табыс әкелуде. Ә. Жақсыбеков ұлттық компания тарапынан маңызды учаске – шетелдік инвесторлардың қатысуымен жүзеге асып жатқан жобаға ауыстырылып жатыр. Жаңа басшы Қайыржан Есен Қайыржанұлының үлкен тәжірибесі мен кәсіби білімі бас компанияның алға қойған міндеттерін орындауға көмектеседі және Ембі мұнайының одан әрі өркендеуіне айтарлықтай үлес қосады деп сенемін, – деп атап өтті ұжыммен кездесу барысында ҚМГ ҰК Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары Жақып МАРАБАЕВ.

Қайыржан Есен Қайыржанұлы 1962 жылғы 15 қарашада Атырау облысында дүниеге келген.

БІЛІМІ:

1985 жылы В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын «Мұнай және газ кәсіпшілігі машиналары мен жабдығы» мамандығы бойынша аяқтады.

2000 жылы В.А.Горячкин атындағы Мәскеу Мемлекеттік Агроинженерлік Университетін «Кәсіпорындағы экономика және басқару» мамандығы бойынша тәмамдады.

2012 жылы РФ Үкіметі жанындағы Халық шаруашылығы академиясы МБМ ЖКБ «МВА: Менеджмент – Халықаралық бизнес» «Іскерлік әкімшілендіру мастері» мамандығы бойынша аяқтады.

ЕҢБЕК ҚЫЗМЕТІ:

1985 ж. – 1992 ж. аралығында – «Мангышлакнефть» бірлестігінің «Жетыбайнефть» МГӨБ жөндеуші слесары, инженері, аға инженері.

1992 ж. – 1994 ж. аралығында – Маңғышлақ мұнара монтаждау басқармасының прорабы.

1994 ж. – 1995 ж. аралығында – «Южнефтегаз» МАҚ-да өндірістік қызмет көрсету базасы бастығының орынбасары, Қызылорда қаласы.

1995 ж. – 2002 ж. аралығында – «Құмкөл-ЛУКойл» АҚ бас директорының орынбасары.

2002 ж. – 2009 ж. – «Торғай Петролеум» АҚ бас директорының орынбасары.

2009 ж. – 2016 ж. аралығында – «Торғай Петролеум» АҚ бас директоры.

2016 ж. сәуірден бастап – 2007 ж. шілдесі аралығында – «Қаражанбасмұнай» АҚ Президенті.

2017 ж. шілде – 2018 қараша аралығында «Қазгермұнай» БК» ЖШС бас директорының бірінші орынбасары, бас директоры.

2018 ж. қараша айынан 2020 ж. қаңтары аралығында «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ сатып алу және жабдықтау жөніндегі басқарушы директор. www.kmg.kz

ҚМГ Басқарма төрағасының орынбасары тағайындалды



2020 жылғы 21 қаңтардан бастап «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының стратегия, инвестициялар және бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары болып Абдулғафаров Дастан Елемесұлы тағайындалды.

Ол ҚМГ ҰК Даму стратегиясының іске асырылуына, бизнес-жоспардың қалыптастырылуы

мен орындалуына, инвестициялық жобалар портфелінің тиімді басқарылуына, сондай-ақ жаңа активтерді сатып алу жөніндегі мәмілердің жүзеге асырылуы мен қолданыстағы бизнес-бағыттарды кеңейтуге жауапты болады. Бұған дейін Дастан Абдулғафаров «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Аппарат басшысы – даму жөніндегі басқарушы директоры қызметін атқарып келді.

Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 23 желтоқсандағы шешімімен бекітілген жаңа ұйымдық құрылым корпоративтік басқарудың тиімділігін арттыруды және ұлттық компанияның стратегиялық міндеттерді шешуге бағытталған қызметін нығайтуды қамтамасыз етуге тиіс.

Абдулғафаров Дастан Елемесұлы – заң және экономика саласында жоғары білімі бар, «Сколково» Мәскеу басқару мектебі Executive MBA дәрежесінің иегері.

ҚМГ компаниялар тобында 17 жылдан астам қызмет етіп келеді. «ҚазМұнайТеңіз» ТМК» АҚ жаңа жобаларды дамыту департаментінің директоры, «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ бизнесті дамыту жөніндегі басқарушы директоры, бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары лауазымдарында жұмыс атқарды. www.kmg.kz

«Ембімұнайгаз» АҚ-да – жаңа басқарма құрамы

«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар Кеңесінің 16 қаңтар 2020 ж. шешімімен Компанияның жаңа Басқарма құрамы анықталды.

Басқарма төрағасы болып Қайыржан Есен Қайыржанұлы сайланды. Қайта сайланған Басқарма мүшелері: Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары Қа-

сымғалиев Қанатбек Махмұдұлы, Басқарма төрағасының геология және кен орындарын игеру жөніндегі орынбасары Әділбеков Қайрат Әділбекұлы, Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Тасмағамбетова Рысты Нұрғалиқызы, Басқарма төрағасының жалпы мәселелер

бойынша орынбасары Нақаев Сәлімжан Жұмашұлы және заң департаментінің директоры Тоқмұзиев Асқар Әділбекұлы.

Жаңартылған Басқарманың өкілеттік мерзімі 2020 жылғы 21 қаңтарынан 2023 жылдың 20 қаңтарына дейінгі аралық деп белгіленді. www.kmg.kz

Атырау қаласының әкімі тағайындалды



Атырау қаласы әкімі болып Қайрат Оразбаев Құлымұлы тағайындалды.

Қайрат Құлымұлы Оразбаев 1963 жылы 8 тамызда Атырау облысында дүниеге келген. 1987 жылы Қазан қаласының химия-технология институтын Мұнай өңдеудің химиялық технологиясы мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1979 жылы «Маңғышлақ-мұнайбарлау» кешенді экспедициясында оператор болып бастаған.

2001-2007 жылдарда «АМӨЗ» ААҚ кәсіпорнының директоры – Дамыту жөніндегі Вице-президенті. «АМӨЗ» ЖШС күрделі құрылыс және дамыту жөніндегі Директоры.

Өр жылдары «Лукойл АМӨЗ», «КазахОйл», ҰК «ҚазМұнай-Газ» АҚ, АМӨЗ кәсіпорындарда департамент директорының орынбасары, департамент директоры лауазымдарын атқарған.

2018 жылы «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС басқарма төрағасының бірінші орынбасары лауазымын атқарды.

2020 жылдың 17 қаңтарынан бастап Атырау қаласы әкімінің лауазымына тағайындалды. **Е**

(Атырау қаласы әкімдігінің баспасөз қызметі).

Жетістік

ЕМГ – елдегі ірі салық төлеуші компаниялар тізімінде 4 орында

Жуырда нарықтағы жаңалықтарды тарататын «LS Aqparat» ақпараттық агенттігі 2019 жылда еліміздегі ірі салық төлеуші компаниялардың тізімін шығарды.

336 компания кірген тізімнің ішінде «Ембімұнайгаз» АҚ, «Өзен-мұнайгаз» АҚ, «СНПС-Ақтөбемұнай», «Казгермұнай» БК» ЖШС, «Қаражан-басмұнай» АҚ және басқа да көптеген компанияларды озып, төртінші орынды иемденген.

Тізімде көш бастап тұрған – 1,9 трлн теңге көрсеткішімен «Теңізшевройл» ЖШС (2018 жылы -1,9 трлн теңге).

Екінші орында – 680 млрд теңге салық төлеген «Карашығанак Петролиум Оперейтинг Б.В.» (2018 жылы 680 млрд теңге).

Алдыңғы үштік құрамындағы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ өткен жылы салық ретінде 366,3 млрд теңге қаражат аударған (2018 жылы – 372,6 млрд теңге).

Ал, «Ембімұнайгаз» АҚ-ның үлесінде 194,9 млрд теңге (2018 жылы бұл көрсеткіш 145,7 млрд теңгені құраған).

Айта кетейік, «Ембімұнайгаз» АҚ 2012 жылдан бастап 2019 жылдың қорытындысы бойынша республикалық және жергілікті бюджетке салық төлемдері ретінде 1 трлн. теңгеден астам, өңірдің инфрақұрылымын дамытуға 4,3 млрд. теңгеден астам қаражат аударды. **Е**

Марапат

Әріптесіміз – партияның белсенді мүшесі

«Nur Otan» партиясы Атырау облыстық филиалының төрағасы болған Нұрлан Ноғаев бір топ партия мүшелерін «Белсенді қызметі үшін» төсбелгісімен және алғыс хаттармен марапаттады.

Марапат алғандар қатарында депутаттық корпус өкілдері, партияның қоғамдық қабылдауы, кәсіпкерлер мен мәдениет саласының өкілдері бар.

– Елбасының саясаты мен Президент тапсырмасы аясында елімізде азаматтардың әлеуметтік ахуалын жақсартуға бағытталған көп жұмыстар атқарылуда. Аймақта жасалған жұмыстар да халықтың әл-ауқатын арттыруды мақсат етті, – деді Нұрлан Ноғаев.

Салтанатты жиналыста 14 ата-лым бойынша өткен байқау қорытындысы жарияланды. Олардың арасында партияның белсенді мүшесінің бірі ембілік маман Рүстем Абшеев те бар.

Бүгінде «Доссормұнайгаз» МГӨБ басшысының геология және кен алаңдарын игеру бойынша орынбасары болып қызмет етіп келе жатқан Р.Абшеев бұған дейін «Жайықмұнайгаз» МГӨБ «Nur Otan» бастауыш партия ұйымының төрағасы болған кездерінде Исатай ауданындағы мүмкіндігі шектеулі жандарға көмек беру ісінде белсенділік көрсеткені үшін марапатқа ие болды. **Е**



Ембілік ардагерлер

Ардагердің абыройлы асуы



Өткен жылдың соңында «Ембімұнайгаз» АҚ Ардагерлер кеңесінің төрағасы Бағыт Шабайұлы СМАТУЛЛИНГЕ «Исатай» ауданының Құрметті азаматы атағы берілді.

Бағыт Смутуллин 40 жылға жуық уақыт бір салада – «Ембімұнайгаз» жүйесінде жұмыс істеді. Әсіресе, оның еңбек жолының көпшілігі, яғни, саналы ғұмыры – 30 жылға жуық уақыт Исатай «Жайықмұнайгаз» басқармасында өтіп, ауданның әлеуметтік өмірінде қалдырған ізі көпшілікке белгілі.

Шындығы керек, Бағыт Шабайұлы – өзіне дейін сол өндірісті басқарған Наурызғали Бешімов, Мардым Тутимов, Орынбасар Өмірзақов, Құмар Балжанов секілді ағалар жолын лайықты жалғастырған өндірістің өз адамы екендігіне куә болғандардың бірі. Ол сол бір қиын кезеңдерде өндірістің тұтқасын ұстады, өзінің мол тәжірибесі мен шебер ұйымдастырушылығы арқасында үлкен ұжымды жемісті, жеңісті еңбекке жетелей алды. Соның бәрі қарапайым еңбек адамдары – мұнайшы әріптестеріне еңбек етуге жағдай жасау арқылы мүмкін болды. Оның жұмысшы жағдайын жасау арқылы еңбекке ұмтылдыруы, еселі еңбек арқылы жетістіктерге жол салуы, тұрғылықты халықтың қамын жеп, ауданның әлеуметтік өмірінде де айшықты із қалдырған істерге ұйытқы болуы расында да еленуге тұрарлық еңбек болатын.

Бағыт Смутуллин – жоғарғы оқу орнын мұнайшы мамандығы бойынша бітіріп, осы салаға бүкіл өмірін арнаған адам. Еділ – Жайық екі өзен аралығында орналасқан мұнай кен орындарының игерілуіне қосқан үлесі мен орасан зор еңбегі бүгінде тек мыңдаған әріптестерінің ғана емес, күллі аудан халқына белгілі. Өйткені, Бағыт Шабайұлы басқарма бастығының қызметін атқара жүріп, көптеген әлеуметтік мәселелердің шешілуіне мұрындық болды.

Аудан халқының әлеуетін арттырумен қатар, үлкен ұжымды ортақ мақсатқа жұмылдыра өндіріске жетекшілік еткен Ардагерлер кеңесінің төрағасы Бағыт Шабайұлын Компанияның ұжымы атынан осынау марапатымен шын жүректен құттықтаймыз! **Е**

Первые горизонтальные скважины на Эмбе

АО «Эмбаунайгаз» использует современные подходы и технологии для выработки остаточных запасов нефти, что позволяет вовлекать в разработку все более сложные геологические объекты. Одной из таких технологий, актуальных для наших зрелых месторождений является бурение горизонтальных скважин. О технологии и опыте ее внедрения в нефтяной Эмбе читайте в данном материале.



Первая попытка бурения горизонтальной скважины в АО «Эмбаунайгаз» была предпринята в 1992 г. на месторождении Искине на скважине №280. Целью бурения скважины было вскрытие пермотриасовых объектов на глубине 950 м. и вовлечение в разработку запасов нефти в труднодоступных участках под солончаком. Проектная длина по стволу составила 1420 м., длина установки фильтра – 90 м. При освоении скважины был получен слабый приток нефти и в дальнейшем скважину ввели в консервацию. Среди причин отрицательного результата – отсутствие на тот момент технологий по заканчиванию горизонтальных скважин в слабосцементированных породах и отсутствие геонавигации в процессе бурения для максимального эффективного вскрытия нефтенасыщенной толщины в целевом пласт. С тех пор, на месторождениях АО «Эмбаунайгаз» бурение горизонтальных скважин не производилось.

Первые шаги по возобновлению строительства горизонтальных скважин начались в 2014 г. Совместно с компанией «Шлюмберге Лимитед» были рассмотрены различные варианты заложения горизонтальных скважин на месторождении С. Нуржанов для увеличения добычи с триасового объекта горизонта Т-IV и подготовлен проект строительства горизонтальной скважины №805 в 2018 г. Дополнительно, для вовлечения в разработку слабо дренируемых пластов, залегающих на вертикальных глубинах порядка 600-650 м., было запланировано бурение 4-х горизонтальных скважин на месторождениях В. Молдабек, Уз Восточный и С. Балгимбаев.

Целью бурения горизонтальных скважин на Эмбе стало повышение добычи и выработки запасов углеводородов за счет значительного увеличения вскрытия эффективной нефтенасыщенной толщины, что в свою очередь приводит к приросту коэффициента проводимости и площади дренирования залежи. Согласно статистике эксплуатационного бурения в России, количество горизонтальных скважин ежегодно растет, как и их доля по отношению к другим скважинам. В Казахстане, бурением горизонтальных скважин занимаются различные нефтяные компании, однако, доля горизонтального бурения по отношению к вертикальному на сегодняшний день остается незначительной.

Большинство месторождений АО «Эмбаунайгаз» находятся на поздней стадии разработки и «легкие» запасы, сосредоточенные в высоко проницаемых пластах, характеризующиеся относительно низкой вязкостью нефти и разрабатываемые на упруговодонапорном режиме, истощаются. Актуальной задачей сегодня для компании является повышение добычи с трудно извлекаемых пластов с тяжелой нефтью, залегающих на мелких глубинах до 300 м. по вертикали, с водоплавающих залежей и маломощных пластов толщиной 2-3 м., где традиционный метод добычи вертикальными скважинами не дает желаемую эффективность.

В рамках подготовки к бурению, были спроектированы 4-е горизонталь-



ные скважины вертикальной глубиной – порядка 600-650 м. и горизонтальным окончанием – 300-400 м. на водоплавающих пластах месторождения В. Молдабек, маломощном пласте I-неоком месторождения С. Балгимбаев и вдоль тектонического нарушения горизонта Ю-3 месторождения Уз Восточный. Горизонтальные скважины были проектированы на продуктивные пласты средней юры и нижнего мела. Данные продуктивные горизонты сложены мелкозернистыми слабосцементированными песчаниками с прослоями глин и алевролита. По всем месторождениям, где планировалось бурение горизонтальных скважин, были актуализированы геолого-гидродинамические модели для оптимального расположения горизонтальных стволов.

Подход к заложению горизонтальных скважин был следующий – выявить продуктивные пласты, где разработка традиционными вертикальными скважинами является не эффективной или вовсе не ведется и спроектировать на эти пласты бурение горизонтальных скважин.

После завершения бурения горизонтальных скважин и успешного спуска щелевых фильтров до пробуренного забоя, следующим этапом было освоение скважины. На всех горизонтальных скважинах проводили освоения методом компрессирования путем снижения уровня в затрубном пространстве не менее 500 м. На двух скважинах 111 и 242 в процессе освоения был получен фонтанный приток нефти и проведены режимные исследования. На скважинах

2703 и 2652, ввиду низкого гидростатического давления, фонтанный приток получить не удалось, в связи с чем эти скважины эксплуатируются механическим способом.

Так как целевые пласты сложены слабосцементированными песчаниками, нашими специалистами ожидалось наличие пескопроявления в процессе освоения скважины. Однако, только на скважине 2703, при освоении было получено обильное пескопроявление. В дальнейшем было решено произвести спуск НКТ Ø60 мм. до башмака ГС для проведения промывки и удаления песка, после чего последующая эксплуатация скважины не вызвала каких-либо проблем. В целом, можно отметить, что подбор щелевых фильтров был произведен корректно, что подтверждается динамикой эксплуатации скважин.

Согласно результатам гидродинамических исследований, на скважине 111 методом установившихся отборов, средний коэффициент продуктивности скважины по нефти составил 72,5 (м3/сут)/атм. При этом коэффициент продуктивности вертикальной скважины, работающей на том же пласте Ю-III, составляет 9 (м3/сут)/атм. Соответственно, продуктивность горизонтальной скважины в 8 раз выше вертикальных скважин. Для наглядности, сравнение продуктивности приведено на рисунке 17.

Освоение остальных трех горизонтальных скважин показало весьма хорошие результаты. В целом, скважины добывают практически безводную нефть на стабильном уровне.

Данный проект бурения горизонтальных скважин на мелкозалегающие слабосцементированные объекты продемонстрировал высокую эффективность в сравнении с вертикальными скважинами.

Каждая горизонтальная скважина закладывалась под определенные геологические цели, которые были успешно достигнуты нашими специалистами, несмотря на имеющиеся высокие риски и неопределенности. Применение геонавигации и корректировка траекторий скважин в процессе бурения позволили максимально эффективно проложить горизонтальные стволы в нефтенасыщенных коллекторах целевых горизонтов, что соответственно положительно отразилось на добычи скважин.

Успешно выполнить данный проект удалось за счет командной работы инженеров по бурению, геологов, разработчиков и технологов, а также за счет грамотной поставленной цели и описанием детального плана работ на каждой стадии реализации проекта. В дальнейшем, АО «Эмбаунайгаз» планирует бурение горизонтальных скважин на высоковязкие пласты, залегающие на вертикальной глубине до 300м и ежегодно увеличивать долю горизонтальных скважин в эксплуатационном бурении. **Е**

Статья подготовлена по научной статье эмбинских геологов-разработчиков «Успешное бурение первых горизонтальных скважин на мелкозалегающих месторождениях АО «Эмбаунайгаз» для журнала «Нефть и Газ Казахстан».

▲ На рисунке – Динамика количества скважин, законченных строительством в горизонтальном и наклонно-направленном бурении в России в 2006-2017 годах.

▲ Рисунок 17 – Сравнение продуктивности горизонтальной скважины 111 и вертикальной скважины 106 работающих на одном пласте.

Жастар жылы жаңа мүмкіндіктерге жол ашты

«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Ә.ЖАҚСЫБЕКОВ Компанияның жас мамандармен кездесті. Жиын барысында мерейтойлар мен айтулы оқиғаларға толы болған өткен жылдың қорытындылары мен Жас мамандар кеңесінің ағымдағы жылға жоспары талқыланды.

– Ембі мұнайшыларының ұрпақтар сабақтастығы мен әлеуметтік жауапкершілік аясында Компания жас мамандардың кәсіби және жеке әлеуетін дамыту бағытында жобалар жүзеге асырып келеді. Осындай жұмыстардың нәтижесінде екі бірдей ембілік жас маман «Президенттік кадрлық резерв» құрамына енді. Студент жастарды дуалды оқыту бағдарламасы сәтті жүзеге асырылуда. Қазіргі уақытта біздің өндірістік нысандарымызда тағылымдамадан өткен 117 студенттің 52-сі тестілеу нәтижелері бойынша Компанияға жұмысқа орналастырылды және соңғы жылдары жыл сайынғы «Үздік маман» кәсіби шеберлік байқауында жүлделі орындарға ие болуда. Бүгінгі таңда Ембі жастары Жас мамандар кеңесінің ұйымдастыруымен кәсіпорынның қоғамдық өміріне, әлеуметтік және қайырымдылық жобаларын жүзеге асыруға белсенді қатысады. Жас мамандар былтыр мұнай-газ саласының 120 жылдық мерейтойы аясында өткізілген мерекелік іс-шараларды ұйымдастыруға айтарлықтай үлес қосты, – деді Компанияның Басқарма төрағасы Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ.

ЕМГ Жас мамандар кеңесі 2013 жылы құрылды, қазіргі уақытта орталық басқару аппараты мен өндірістік



құрылымдық бөлімшелерде 700-ге жуық жас маман қызмет етуде.

Жиын барысында «Ембімұнайгаз» АҚ Жас мамандар кеңесінің төрағасы Айгүл ЕРТЛЕУОВА аталмыш ұйымның 2019 жылы – Жастар жылында атқарған жұмыстары туралы есеп беріп, жиынға қатысушыларды 2020 жылғы жұмыс жоспарымен таныстырды.

– 2019 жыл Жастар жылы деп жарияланды. Яғни, бұл кезең жастар қызметіне тың серпін беріп, жас мамандар жан-жақты қолдауға ие болды. Осы атаулы оқиғаға орай Компания басшылығының қолдауымен жас мамандардың потенциалын арттыру бағытында жалпы алғанда 15 жоба

жүзеге асты, – атап өтті А.Ертлеуова өзінің есептік баяндамасында.

Компания басшысы кездесуге қатысушыларға биыл «Волонтер жылы» және кәсіпорынның 100 жылдығы келе жатқанын жеткізіп, еліміздің мұнай-газ саласы, соның ішінде, Ембінің тарихындағы осы айтулы оқиғаға арналған шараларға жастардың белсенді түрде атсалысатындарына сенім білдірді.

Жиын барысында «Жайықмұнайгаз» МГӨБ геология және кен орындарын игеру бөлімінің геофизигі, басқарманың Жас мамандар кеңесінің жетекшісі Тимур ҚИЛАШ, «Қайнар-мұнайгаз» МГӨБ қабат қысымын сақтау операторы, 2019 жылы «Үздік

жас мұнайшы» аталымының иегері Берекет ЕЛЕУЛИЕВ сөз алып, Компания басшысына жас мамандарды көрсетіліп жатқан қолдауға алғыстарын білдірді.

Кездесу соңында жыл бойы атқарылған жұмыстарға белсене қатысқан «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ өндірісті автоматтандыру бөлімінің инженері АНАР ҚҰРМАНОВА, Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау басқармасы экономикалық группасының экономисі Әнуар БИСЕНҒАЛИЕВ, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ экономика бөлімінің экономисі Нұржан НҰРЛАНОВ, «Ембімұнай-энерго» басқармасы «Құлсары» электр торабының еңбекті және қоршаған ортаны қорғау инженері Ринат МАХАМБЕТОВ, «Қайнар-мұнайгаз» МГӨБ Уаз, Қондыбай мұнай және газ өндіру учаскесінің слесарь-жөндеушісі Бағытжан КАМИТОВ, «Ембімұнайгаз» АҚ сатып алу және жергілікті қамту департаментінің инженері Абай АТЫМТАЙ, «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің кадрлар жөніндегі инженері Алина ДЖУНУСБЕКОВА ЕМГ Басқарма төрағасының Алғыс хатымен марапатталды.

Айта кетейік, 14 қаңтардан бастап «Ембімұнайгаз» АҚ Жас мамандар кеңесінің төрағасы болып әлеуметтік саясат және инфрақұрылымдық нысандарды басқару департаменті директорының орынбасары Бекет ГУБАЙДУЛЛИН сайланды. **Е**

Жастардың кәсіби өсуіне – даңғыл жол

Жоғары білім алған соң өз өмірімді мұнай-газ саласымен байланыстырып, қазіргі таңда аталған салада он жылдай жұмыс тәжірибесін жинақтадым. Осы жылдар аралығында «Қазмұнай-Газ» Барлау Өндіру» АҚ инженерлік орталығының еңбекті нормалау және жоспарлау бөлімінің инженерінен бастап «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаменті директорының орынбасарына дейін еңбек жолынан өттім.

Менің ойымша, Президентіміздің талантты және бастамашыл жастар үшін мемлекеттік басқару жүйесінде де, квазимемлекеттік секторда да көшбасшылық лауазымдарды иеленуге мүмкіндік беретін ашық және тиімді әлеуметтік лифт құру идеясы қоғам күткен өзгерістерге толығымен сәйкес келді. Өйткені, еліміздің барлық әлеуметтік жауапты азаматтарын тиімді және кәсіби мемлекеттік аппаратты ашық түрде құру мәселесі қызықтырады. Сонымен қатар, халық та біздің мемлекетіміздің басшылығына сауатты және жоғары білікті мамандар тартылатынына және оларды іріктеу процесі тек ашық бәсекелестік негізінде өтетініне сенімді болғанды қалайды.

Президенттік кадрлар резервіне конкурстық іріктеу өткен жылдың қыркүйек айында басталып жатқанын білген соң, мен бірден осы жобаға қатысып, жетістікке жету жолында бар күшімді саламын деп шештім. Президенттік кадрлар резервіне түсудің маңыздылығы мен үшін мансаптық тұрғыда өсуге мүмкіндік бермек. Бұл

бірінші кезекте мен үшін инновациялық шешімдер қабылдауда және қызықты идеялар мен жобаларды жүзеге асыруда үлкен еркіндікке ие болуды білдіреді.

Ресми сайтқа тіркеліп, алдағы іріктеу кезеңдерінің жағдайымен егжей-тегжейлі танысқаннан кейін мен мұқият дайындықты бастадым. Алдымен, SHL және ауызша тестілеу сынақтарынан өттім. Бұндай сынақтардан өтумен бұдан бұрын да жолығып жүргендіктен бе, олар бұл жерде орынды ма немесе қаншалықты маңызды деген сұрақтар мені мазалаған жоқ. Бұл сынақтар арқылы үміткердің қаншалықты тез ойлана алатындығы, ақпаратты талдауы, ойын жинақтауы және логикалық ойлауы сараланады.

Аталған сынақтардан сәтті өткен соң жобаның презентациясын дайындауға кірістім.

Бұл кезеңнің шарттарын орындау барысында мекемеде «Үнемді өндіріс» концепциясын енгізу бойынша жобамды таныстырдым. Одан кейін әрбір үміткерге кездосік таңдау әдісімен таңдалған тақырып бойынша эссе жаздым.

Сондай-ақ, тестілеуден басталған барлық кезеңдердің барлығының шарты – басқа адамдардың қатысуынсыз өз бетінше дайындалу міндеттілігі, аудио, бейне жазбалармен расталып отырды. Мұндай қағидалар конкурстың әділетсіз өту мүмкіндігін жоққа шығарып, менің сеніміме сенім қосты.

Келесі екі кезең – компетенцияны бағалау және сараптамалық комиссиядағы сұхбаттасу Нұр-Сұлтан қаласында өтті. Маған сарапшылардың үміткерлерді объективті түрде

бағалағаны ұнады. Барлық кезеңдер барынша ашық түрде өтті.

25 желтоқсандағы ұлттық комиссия отырысының қорытындылары бойынша «Президенттік кадрлар резервіне» енген 300 адамның қатарынан мен де табылдым. Бұл мен үшін ерекше бақытты сәт болды, мақтаныш сезімі кеудемді кернеді. Сонымен қатар, қарқынды экономикалық, саяси және әлеуметтік даму жолымен жүріп келе жатқан мемлекетіммен мақтандым.

Мен «Президенттік кадрлық резерв» құрамына ену арқылы елімізде кез-келген жас алдына мақсат қойып, оны жүзеге асыруға күш салатын болса, үлкен жетістіктерге қол жеткізуге барлық мүмкіндіктер бар екендігіне кезекті мәрте көз жеткіздім.

Жуырда Елордада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевпен кездесуде Президенттің ел жастарына жолдаған Үндеуін тыңдап, бізге – жастарға жүктелген ауыр жауапкершілікті сезініп қайттық.

Лауазымды қызметтерге өз күшімен, білімімен дараланған жастардың баруы – ел мүддесі үшін тиімді, әрі жастардың да деңгейін, тәжірибесін арттыра түседі. Қандай жолдың қиындығын бағалау үшін оны жүріп өту керек! **Е**

*Фибрат АУҒАНОВ,
«Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаменті директорының орынбасары.*



Жұмыскерлер сауалдарына жауап

1. К.Керешев, «Ембімұнайэнерго» басқармасының өндіріске қызмет көрсету бөлімшесінің 4 – дәрежелі жылу қазандары операторы:

Сұрақ: Жыл сайын берілетін еңбек демалысымды маған неге тек 24 күн береді соны түсіндіріп кетсеңіз?

Жауап: ҚР Еңбек кодексінің 88 бабына сәйкес негізгі ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысы 24 күн, жұмыскерге қосымша ақы төленетін еңбек демалысы тек еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) және (немесе) қауіпті жұмыстарда істейтін болса ғана беріледі. Жұмыс орнын 5 жылда 1 рет аттестациядан өткізетін арнайы мекеме бар. Қоғам осы аттестациядан соңғы рет 2015 жылы өткізді. Сол жылы жылу қазандар операторларының еңбек жағдайлары зиянсыз және қауіпсіз болғандықтан, оларға қосымша ақы төленетін еңбек демалысы аттестация қорытындысы бойынша беруге жатпаған. Сол себепті, Сізге заңға сәйкес негізгі ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысы беріліп отыр.

2. А.Боранбаев, «Ембімұнайэнерго» басқармасының арнаулы техника және автокөлік цехының 4 – дәрежелі (жолаушы және жүк тасымалы) автокөлігінің жүргізушісі:

Сұрақ: «Өзенмұнайгаз» АҚ-да 50-55 жасқа толған жұмысшылар компенсациясын алып зейнеткерлікке шығып жатыр деп естідім, бізге де солай қалуға бола ма?

Жауап: Бізде зейнеткерлік жасқа жеткенге дейін ай сайын жәрдемақы төлеу арқылы, тараптар келісімі бойынша мерзімінен бұрын еңбек шартын бұзу құқығын беретін жасқа жеткен тұлғаларға жәрдемақы төлеу Ережесіне сәйкес әйел адамдар зейнет жасына 3 жыл қалғанда, ал, ер адамдар 60 жастан еңбек шартын бұза алады. Арнайы көлік жүргізушілері, электргазбен дәнекерлеуші, ұңғыларды жерасты жөндеу операторлары сынды ауыр жұмысшы мамандарға 58 жастан еңбек өтілі жетіп тұрса, зейнеткерлікке қалуға болады.

Акционерлік қоғамның басшылығы өмірінің көп бөлігін ауыр жағдайларда жұмыс жасаған жұмысшыларының (35-40 жыл) жағдайын жеңілдету үшін осы бағдарламаны енгізді. Басқа компанияларда мұндай бағдарламаның бар екенін естіген жоқпыз. «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ-на қарасты еншілес компаниялардың ішінен алғаш болып «Ембімұнайгаз» АҚ бұл бағдарламаны 2014 жылы енгізген және бүгінгі күнге дейін осы бағытта жұмысын жалғастырып келеді.

3. Х.Копбусинов, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Прорвадағы мұнай және газ өндіру цехының 2 категориялы механигі:

Сұрақ: Еңбекке ақы сақталусыз демалыс сұрасақ, басшылар «ақысы сақталусыз күн көп аласыңдар ол басқарманың көрсеткішіне кері әсер етеді» деп бермейді. Той, садақа секілді жағдайларға орай ақысыз сүн сұрамау мақсатында еңбек демалысымызды үшке бөліп алайық десек, басшылар «жоқ еңбек демалысын толық немесе екі бөліп аласыздар» дейді. Ұжымдық шартта еңбек демалысын үшке бөліп алуға болады деп көрсетілген емес пе?

Жауап: Егер Жұмыс берушінің келісімі болса, еңбек демалысын үшке бөліп те алуға болады. Бірақ ҚР Еңбек кодексінің 92 бабының 3 тармағына сәйкес берілетін еңбек демалысының бір бөлігі екі аптадан кем болмауы қажет. Сонымен қатар, өздеріңіз білесіздер, Қоғамда негізгі өндіріс жұмысы үзіліссіз жүреді. Сіз демалыс алып жұмыс орнында болмай қалып жатсаңыз, сіздің орныңызды басқа адаммен алмастыру керек болады. Сол жағдайлар цех жұмысының қалыпты жүруіне қиындық келтіреді. Жыл басында еңбек демалысы кестесі жасалғанда әр жұмыскерді кім ауыстыратыны ескерілген. Аяқ астынан кезектен тыс еңбек демалысына шығып жатсаңыздар, оның бәрі цех жұмысына кері әсер етуі мүмкін. Сондықтан, кезектен тыс еңбек демалысын беру, ақысы сақталмайтын күн беру – тікелей цех басшылығының өндіріс жағдайын ескере отырып шешетін мәселесі.

4. А.Идинов, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Прорвадағы мұнай және газ өндіру цехының № 1 С.Нұржанов атындағы кен орны бригадасының 4 разряд мұнай және газ өндіру операторы:

Сұрақ: Бізді кейде вахтааралық демалыс күндері оқуға жібереді, сонда бізге табельге күн соғылмайды, ақша жүрмейді. Оқуды, іс-сапарға жіберілді деп жасауға немесе егерде барғың келмесе оқудан бас тартуға бола ма?



Жауап: Вахтааралық демалыс күндері сіздерді оқуға жібергенде сізге табельге күн соғылмайды. Себебі сіз жұмыс жасап жүрген жоқсыз, демалыста жүрсіз. Егер демалыста жүріп оқуға жіберілсеңіз 0,5% АЕК (МРП) есебінде әр оқыған күніңізге өтемақы төленеді.

Жұмыс күндері де сіздерді оқуға жіберуге болады, онда сізге табельге сегіз сағат соғылады. Кейбір жұмыскерлер «бізді жұмыс күндері жібермеңіздер біз сағатымыздан айырыламыз» дейді. Сондықтан, бұның барлығы – сіздердің жағдайларыңызды ескеріп жасалып отырған шаралар.

Демалыс күндері оқуға жіберуді іс-сапар ретінде қарастыруға да болмайды. Айта кетерлігі, оқудан бас тартуға болады, алайда, кейін өз қаражаттарыңызға оқып, компанияға құжаттарыңызды көрсетуіңіз қажет болады. Компания өз қаражатына қызметкерлерді оқытып, жұмыскерлерге үлкен жағдай жасап отыр. Және, оқу өздеріңізге қажет, себебі сіздерді басқа жұмыс орындарына ауыстыру процесі сол оқыған құжаттарыңызға қарап жүзеге асады. Кейінгі кездері оқу да азайып кетті, алдыңғы жылдары оқудың көп болғаны ескі құжаттарыңызды ауыстыру қажет болды. Жұмыскерлердің басым көпшілігі оқудан өтіп, тиісті құжаттарын алды. Арнайы техникалардың оқулары болмаса, басқа оқулардың уақыты 40 сағатқа азайды. Тек жөндеушілерді оператор жұмысына ауыстырарда оқуға жіберіп отырмыз.

5. А.Идинов, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Прорвадағы мұнай және газ өндіру цехының № 1 С.Нұржанов атындағы кен орны бригадасының 4 разряд мұнай және газ өндіру операторы:

Сұрақ: Стропальщиктың корочкасының мерзімі бар ма? Біз оқығанда оқу орны бір жылға соғып жатырмыз деді.

Жауап: Бұрын оқу орындары бір жылға беріп жүрді. Кейіннен біз оларға стропальщик жұмысшы кәсіп, сондықтан оның мерзімі болмау керектігі жөнінде жеткіздік. Қазір оқу орындары мерзімін көрсетпей соғып жүр. Сол берілген құжатпен жыл сайын өндірістік қауіпсіздіктің жүк көтеру механизмімен жұмыс жасауды оқып рұқсат алып, әрі қарай жұмыс жасай беруге болады.

6. Б. Жақыпова, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Прорвадағы мұнай және газ өндіру цехының №1 С.Нұржанов атындағы кен орны бригадасының 3 разряд мұнай және газ өндіру операторы:

Сұрақ: Мен Ақтөбеде тұрамын. Себебі, жұмыс беруші берген теміржол көлігіне отырмай жүрсіндер деп маған жол ақысы төленбей келеді. Мен Доссордан түсіп қалып, теміржол көлігіне отырып жүрмін. Осы мәселені шешіп беруіңізді сұраймын.

Жауап: Басқарма бойынша басқа облыстардан келіп жұмыс жасап жүрген сексен тоғыз жұмыскер бар. Сонымен қатар, Атырау облысының басқа аудандарында тұратын жұмыскерлер де бар. Жолда жүрген уақыты үшін берілетін қосымша ақы ішкі құжаттармен көрсетілген көлемде жиналу пунктіне дейін төленеді.

7. Б. Жақыпова, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Прорвадағы мұнай және газ өндіру цехының №1 С.Нұржанов атындағы кен орны бригадасының 3 разрядты мұнай және газ өндіру операторы:

Сұрақ: Медициналық тексерістен өте алмай жүрмін, неге Ақтөбеден өтуге болмайды? Менің алдым ала алып қойған билетім бар, уақыты келмей тұр. Жақында вахтааралық демалысқа кетемін мен демалыстан келгенше медосмотрдың уақыты өтіп кетеді.

Жауап: Жұмыскерлер медициналық тексерістен жылына бір рет өтеді. Жарты күн уақыттарыңызды алады. Қорытынды беретін профпотонолог Атырау мен Құлсары қалаларында болғандықтан, медициналық тексерілу жергілікті жерден өту керек.

8. Ә.Сатыбалдиев, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ Б.Жоламанов кен орнының ағымдағы нысандарды жөндеу учаскесінің шебері:

Сұрақ: Жаз мезгілінде ыстық болғасын барлық ғимараттарда салқындатқыштар жұмыс істейді. Алайда, соларды ондап қамту үшін тек бір ғана жөндеуші қаралған, ол да вахталық әдіспен жұмыс жасауына орай, демалысына кеткен уақытта маман болмай қалады.

Жауап: Жалпы Қоғам бойынша 2018 жылдан бастап профильдік емес мамандықтарды аутсорсингке шығарып келеміз. Осыған орай, штаты қысқарып қалған. Сондықтан, салқындатқыштарды жөндеу жұмыстарын жүргізу көлемі мердігер мекемелерге берілді, олардың сапалы жұмыс жасауын енді мердігер мекемеден талап етілуде.

9. А.Әуелбай, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ Б.Жоламанов кен орнының материалдық-техникалық қоймасының жүкшісі:

Сұрақ: Мен 8 сағатпен жұмыс жасаймын, вахталық әдіспен жұмысқа шығаруға болмай ма?

Жауап: Жұмыс беруші жұмысшымен еңбек шартына отырған мезгілде барлық жағдайларды көрсетеді. Заң бойынша вахталық әдіске көшу үшін кешке үйіне қайтып келе алмайтын болса ғана шығарылады. Ал, сіз Жамансор стансасында тұрасыз. Сондықтан, вахталық әдіске көшіруге негіз жоқ.

10. Қ.Мұқанғалиев, материалдық-техникалық қоймасының жүкшісі:

Сұрақ: Біз кезекті еңбек демалысына қалғанда тек 24 күн демалыс беріледі, 6 қосымша күн қосылмай ма?

Жауап: Кезекті еңбек демалысына қосымша күн беру ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің бекіткен тізіміне сәйкес жүргізіледі және бұл тізімде көрсетілген мамандықтардың зиянды еңбек жағдайы жұмыс орнын аттестациялау қорытындысымен бекітілуі керек. Аттестациялау қорытындысымен зиянды еңбек жағдайы бар екендігі анықталмаса, қосымша еңбек демалысының күндері берілмейді. **Е**

ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ

Облысымыздың статистикалық деректеріне назар аударсақ, басым көпшілігімізде банктен алған несие бар. Кейбірі қаражат түрінде несие алса, кейбірі дүкендерден кез келген тауарды алу үшін де банктердің көмегіне жүгініп жатады. Осы орайда, қаражатымызды тиімді, мақсатты жұмсау үшін Сіздерге төмендегі кеңестерді ұсынамыз.

Қаражат жиі қайда жұмсалады?



36%




24%



40%

Ақшаны жұмсауды қалай реттейміз?



Шамамен әрбір атыраулықтың қолында 3 түрлі несие картасы бар

2019 жылғы III тоқсандағы статистикалық дерекке сәйкес, облыста орташа айлық жалақы 361 456 теңгені құрады

Осы несие карталары бойынша қарыздың жалпы соммасы 5 мыңнан 15 мың теңге аралығында жұмсалады

2019 жылдың 1-желтоқсанындағы дерек бойынша облыс халқының саны 644 342 адам

Қаржы жинауды қалай үйренуге болады?

1.Мақсат қою.

Қаржы жинаудан бұрын, алдымен, оның не үшін керектігін анықтап алыңыз. Сондықтан, «көлік, үй алуға, саяхатқа, бизнеске» деген секілді нақты мақсат қойыңыз.

2.Мерзімін белгілеу.

Мақсатыңызды анықтаған соң, нақты мерзімін белгілеңіз. Мүмкіндігіңізді, қаржы соммасы мен болуы мүмкін «форс-мажорларды» есептеңіз. Тәртіпке бағынып, ай сайын белгіленген соманы жәшікке салып отырыңыз.


3.Шығынды азайту.

Болашақта бір нәрсе сатып алғыңыз келсе, шығын мөлшерін қазір азайтуыңыз керек. Бұл – ақша жиынын сақтау заңы. Босқа кететін ақшаңызды (қыдыру, қажеті жоқ заттар алу, ойын-сауық, т.б) есептеп, келесі айда сол соманы сақтап қалуға тырысыңыз.

4.Бюджет есебін жоспарлау.

Кіріс пен шығыс есебін жүргізіп, бюджетті жоспарлайтын болсаңыз, ақшаны жинау да оңайға тиеді. Нақты есептің арқасында шығын да азаяды. Осы талаптардың бәрін орындап, ескеретін болсаңыз, белгіленген мерзімде қажетті ақша сомасын жинайсыз.

Жас ерекшеліктері бойынша ақшаның жұмсалыу көрсеткіші



Жас ерекшелігі

Инста-байқау жеңімпаздары анықталды

Өткен жылдың соңында «Ембімұнайгаз» АҚ қоғаммен байланыс қызметі Компанияның Инстаграм желісіндегі @ao_embimunaigas ресми парақшасында қолданушылар арасында 2019 жылдың қорытындылары тақырыбында шығармашылық байқау жариялаған болатын. Байқауға 16 еңбек келіп түсті. Аталған қызмет мамандары саралай, үздіктерді анықтады.

Жетістік жылы

Әр жаңа жылдан кез келген адам жақсы жаңалықтар күтері анық. Сол секілді мен де 2019 жылдың маған берер сыйы көп болса екен деп күттім. Үмітім алдамапты. 2019 жыл мен үшін сәтті басталды. Себебі, дуалды оқыту бағдарламасы бойынша «Ембімұнайгаз» АҚ «Жылыой-мұнайгаз» МГӨБ-на қарасты Прорва кен орнындағы «Газ дайындау және күкірт алу» цехынан өндірістік тәжірибеден өтуге мүмкіндік алдым. Бұл – мен үшін үлкен белестердің бірі. Себебі, университет қабырғасындағы бірнеше студенттердің арасынан таңдалғаным, өндірістік тәжірибеде өз білімімді әрі қарай дамыта алатыным қуандым. Осылайша, биылғы жылдың қаңтар айынан желтоқсан айына дейінгі мерзімде 14 күн ауысымдық әдіспен өзімнің оқып жатырған мамандығым бойынша өндірістік тәжірибеден өттім.

Өндірістік тәжірибенің мен үшін берері мол болды. Өндірістік ортадағы әр қызметкер өз ісінің маманы, мен секілді жастарға өз тәжірибелерімен бөлісіп, білімімізді дамытуға көп үлестерін тигізді. Бұл өндірістік тәжірибені мен еңбек жолымның алғашқы бастамасы деп санай отырып, осылай 1 жыл бойына теориялық білімімді іс тәжірибемен ұштастыруға мүмкіндік берген «Ембімұнайгаз» АҚ ұжымына алғысым зор. Міне, мен үшін 2019 жыл соңғы студенттік кезеңімнің қызықты да пайдалы өтуіне орай осылайша есте қалды. Осындай керемет естеліктер үшін «Ембімұнайгаз» АҚ-на рахмет!

@tolganai.kaiyrzhan



Олардың қатарында 5 желі қолданушысының жұмысы үздік деп бағаланды.

ОЛАР:

@tolganai.kaiyrzhan,
@aidina_kz,
@izbay_daniyar,
@aini25.05,
@aigera26_96.

Жаңа жылға арнау-тілек

Ел-жерімнің ырысына айналған,
Мұнайлы өлке, «Ембімұнай» шырайлы,
Бастау алған бір ғасырлық тарихы
Ізі қалды шыр айналған күн-айды.
Мерекенің қарсаңында мен бүгін
Ұзақ ғұмыр тілейінші баршаға,
Нала-мұңнан, жамандықтан сақтасын.
Абыройлы болса екен барша ана.
Игі жақсы елімізден кетпесін!
Гүлдеп елім, туған жерім көктесін
Арман мақсат орындалып келер жыл
Заңғар «көкке» әр қазағым беттесін!

@aidina_kz

Вахтовиктерге

Е, Құдайым, оңдасын,
Нарядсыз жұмыс болмасын.
«Очки» мен «перчатка»
Болсын сенің жолдасың.

Тексеріңдер кернеуді,
Ойлау керек өлмеуді.
«Высотаға» шығарда
Тексеріп ал белбеуді.

«ТБ»-ны қатаң сақтаңдар,
Босқа қарап жатпаңдар.
Қалт еткенде қолдарың
Әр пунктті жаттаңдар.

Касканы бастан тастама,
Колғапсыз жұмыс бастама.
Абайлаңдар, жігіттер,
Емессіңдер жас бала.

Әркімнің бар бұзығы,
Бұзбау керек «ТБ»-ны
Жанұяңа аман қайт
Сол емес пе қызығы?!

@izbay_daniyar

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ
Шығарушы: қоғаммен байланыс қызметі

Бас редактор: А. Ертлеуова
Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Л.Сүлейменова – 8 (7122) 99-34-77, 21-177.

L.Suleimenova@emg.kmger.kz

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.

G.Karajanova@emg.kmger.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309

A.Ertleuova@emg.kmger.kz

А.Хаменова – 8 (7122) 99-34-80; 21-353

A.Khamenova@emg.kmger.kz

Редакциялық кеңес:

С.Нақпаев – Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары;

А.Құтжанов – өндіріс жөніндегі басқарушы директор;

Г.Шарафетдинова – қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;

Ө.Каримов – келешекті дамыту департаментінің директоры;

Л.Сүлейменова – қоғаммен байланыс қызметінің жетекшісі.

Баспахана:

«Реформа» баспаханасы

Мекен-жайы: Алматы қ., Ақбұлақ м/а, Шарипов көш, 40 Б.

Байланыс телефондары:

+7 (727) 344 10 14, +7 (727) 327 61 67

Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері!

Егер Сізге Қоғамның тауарлы-материалдық құндылықтарын ұрлау бойынша дайындалған немесе жасалған немесе орын алған құқық бұзушылықтар, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, ЕМГ немесе мердігер мекемелері қызметкерлерінің сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалануы туралы мәлім болса, онда ақпарат, фото немесе бейнежазбаны «WhatsApp» немесе SMS хабарлама арқылы +7 701 775 66 56 нөміріне жіберуіңізге болады.

Құпиялылыққа кепілдік беріледі.

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті қауіпсіздік және мобилизациялық жұмыстары қызметі